




ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Алматы облысының құрметті азаматы, актер Бекжан Асаубайұлы Тұрыс 60 жасқа толды. Бүгінде ол өзі туып өскен Шошанай ауылы мен Ұйғыр ауданының, тіпті Алматы облысының ғана емес, құллі Қазақстанның кеңістігіндегі танымал өнер иесі. Ерен еңбегімен еліміздегі ең әйгілі театр және кино артисі ретінде халықтың ыстық ықыласына бөленген ұлдарының мерейтойын бұл жолы жерлестері ерекше салтанатпен бастап берді.

Бірнеше жыл бұрын ауылында елді имандылыққа шақырып, халықтың береке мен бірлігіне негіз қалар мешіттің ашылуына ұйытқы болған мерейтой иесі бұл жолы жас ұрпақты саламатты өмір салтына бейімдеу үшін болашақ мәдени-спорт кешенінің алғашқы қазығының қағылуына себепкер болды. Сонысымен той – тек ас ішіп, аяқ босатар шара еместігін тағы да дәлелдеді.

«Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ұл қайдан тусын» дегендей, жерлестері мерейтойлық шарада ел иесіз, жер киесіз еместігін анық аңғартты. Талантты ұлына шапанын жауып, атын мінгізіп, көліктен де кенде қылмады. Қарадалалықтар Бекжан Тұрыстың тойын көреміз деп елдің түкпір-түкпірінен келген құрметті қонақтарды қадірлі мейман ретінде күтіп алып, елдің ұлттық дәстүрі мен салтына адалдығын көрсетті.

(Жалғасы 2-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

ЖАЛАҚЫ ӨМІР СҮРУ ҚАЖЕТТІЛІГІНЕ САЙ БОЛСЫН!



Ең төменгі жалақы адамның қажеттіліктеріне, оның өмір сүру стандарттарына сай белгіленуі қажет. Бұл орайда коэффициенттердің көмегімен түзетуге болатын макроэкономикалық көрсеткіштерге жүгіне бермей, халықтың өмір сүру жағдайына мән берілуі тиіс. Парламент Сенатының жалпы отырысында «Дамушы елдерді ерекше ескере отырып, ең төмен жалақыны белгілеу туралы конвенцияны ратификациялау туралы» заң жобасына орай палата спикері Мәулен Өшімбаевтың айтқан сөздерінің негізгі түйіні осылай болды.

АЗАМАТ. СУДЬЯ. КӨШБАСШЫ

Нұрсерік Шәріпов – елімізге белгілі азамат, судьялар қауымдастығында беделді тұлға. Оның судьялық өтілі және сот жұмысын ұйымдастыру бойынша қабілеті, тәжірибесі орасан. Әріптесіміз 30 жыл бойы үздіксіз сот саласында еңбек етті. Қазіргі таңда ҚР Жоғарғы Сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы қызметін үлкен абыроймен атқарып отыр.

Нұрсерік Кәрімұлымен бірінші рет 2012 жылғы наурызда, бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы болып тағайындалғаннан кейін, Наурызға орай ұйымдастырылған мерекелік іс-шара барысында жүздескен болатынмын. Содан зейнет жасыма толуыма байланысты Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының судьясы қызметінен босап, зейнеткерлікке шыққанға дейін 3 жыл 9 ай бойы Нұрсерік інімізбен бірге қоян-қолтық, етене қызмет жасадық. Осы кезеңде ол білікті де білімді судья, күрмеуі қиын облыс сотын бес жыл бойы басқара білген тәжірибелі басшы, судьялар жұмысын үйлестіре алатын бірегей төраға ретінде танылды. Сондықтан да, Шәріповтің оңтүстікте жасаған қайталанбас жұмысы жайлы қалам тербеп, сөз қозғағанды жөн көрдім.

Әріптесім азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істерді шемішкедей шағатын білікті судья екеніне өзім талай рет куә болдым. Оның бұл қасиетін қызметтес болған судьялардың бәрі жақсы білетін. Осы тұста «Шәріпов көбіне азаматтық, әкімшілік істерді қарауға маманданған, ал қылмыстық істерді көп қарамаған, сондықтан қылмыстық істер жөніндегі алқа судьяларына жеңіл болады» деген әңгіме тарағаны жасырын емес. Бірақ ол күрделі қылмыстық істер бойынша кеңесу барысында, істің мән-жайын дереу түсініп, заң тұрғысынан дұрыс баға беретін. Яғни, Нұрекең біздің ол туралы жаңсақ пікірімізді желге ұшырып, сабамызға түсірген болатын.

Нұрсерік ініміз облыстық сотты басқарған жылдары сот ұжымы елеулі жетістіктерге



жеткенін атап өту орынды болар. Өйткені, 2012–2015 жылдардағы жұмыс көрсеткіші

бойынша біздің облыстық сот республика соттары арасында үздік үштік қатарында болды. Әрине, бұл облыс судьяларының ерен еңбегінің арқасында жеткен жеңіс, сонымен бірге, жалпы сот жұмысын дұрыс ұйымдастыра білген басшының да еңбегі.

Адам өзі таңдаған кәсіптің шынайы маманы болуы әбден мүмкін. Бірақ білікті деген маманның бәрі басшылық қызметті игеріп кете алмайды. Ұжымның білікті басшысы болу оңай шаруа емес, ол саланың білікті маманы болумен бірге, қарауындағы қызметкерлердің анасы да, әкесі де болуы, оларды алаламайтын, қара қылды қақ жарған әділ, мұң-мұқтажын білетін, обал-сауапты таразыға тең салатын, жақсыларын асырып, жамандарын жасырып, қорғай білетін бірегей тұлға болуы қажет. Егер мұндай қасиеттерден жұрдай адам ұжымға басшы болып келсе, оның қасіреті қандай болатынын талай көргенбіз де, бастан да кешіргенбіз. Ал Шәріпов азаматқа, тұлғаға, судьяға, көшбасшыға тән қасиеттерді бойына жинаған дарын иесі.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», – демекші, Нұрсерік ініміздің төраға кезінде жасаған істері ұшан-теңіз.

(Жалғасы 4-бетте)

2-бет

Жер қойнауы талан-таражға түспеуі керек

3-бет

Нұржан МЫРЗАГЕЛДИЕВ, Шымкент қаласы Полиция департаментінің криминалдық полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі:
«Цифрландыру – қауіпсіздікті сақтаудың жаңа мүмкіндігі»

8-бет

56 240-19
Күластындағы шындық

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ОРТАҚ МІНДЕТ



Жоғарғы Сот және Сот әкімшілігі ұжымы елорданы санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыруға арналған «Таза Қазақстан» жалпықалалық экологиялық айлыққа қатысты.

150 түп ағаш пен бұта отырғызу, сондай-ақ Астана көшелерін тазалауға атсалысу – Жоғарғы сот органының ауқымды экологиялық акцияға қосқан үлесі. Сенбіліктің мақсаты – қалада тазалықты сақтау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру қажеттілігіне қоғам назарын аудару.

ҚР Жоғарғы Сотының баспасөз қызметі



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАЛАҚЫ ӨМІР СҮРУ ҚАЖЕТТІЛІГІНЕ САЙ БОЛСЫН!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл заңды қабылдау Қазақстанның ең төменгі жалақыны айқындауға арналған қолданыстағы тәсілдерін халықаралық деңгейде бекіту және әлеуметтік диалогтың құқықтық базасын нығайту жолында айрықша маңызға ие. Құжат еліміздің Халықаралық еңбек ұйымының мүшесі ретіндегі міндеттемелерін орындау мақсатымен әзірленген. Конвенция азаматтардың қажеттіліктерін және мемлекеттің экономикалық даму деңгейін ескере отырып, ең төменгі жалақыны белгілеу жүйесін енгізуді көздейді. Сондай-ақ ең төменгі жалақы мөлшерін уақыт өте қайта қарау рәсімі айқындалды. Мақұлданған заң азаматтарымызды әлеуметтік қорғау жүйесін одан әрі жетілдіруге өз септігін тигізеді деген сенім бар.

Осылайша, келісімді ратификациялау Қазақстанның Халықаралық еңбек ұйымына мүше ретіндегі халықаралық міндеттемелерге бейіл екенін растайды және еңбек-ақының ең төменгі деңгейін белгілеу кезінде әлеуметтік әділеттілік пен экономикалық негіздеме арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

Сөз басында атап өткеніміздей Сенат төрағасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігін ең төменгі жалақыны адамның қажеттіліктеріне, оның өмір сүру стандарттарына сүйене отырып

белгілеуге шақырды. Палата отырысында ол ведомствоның бірінші вице-министріне қарата министрлік қажет болған жағдайда азайту жағына қарай дербес түзете алатын құр макроэкономикалық көрсеткіштерден бас тартудың маңызды екенін атап өтті.

«Сіздер өз әдістеріңізге сүйеніп, орташа жалақы мен еңбек өнімділігіне басымдық беріп отырсыздар. Алайда, бұл жерде концептуалды тәсілді өзгерту туралы сөз болып отыр. Біз конвенцияның мәнін осылай түсінеміз», – деді Мәулен Әшімбаев Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бірінші вице-министрі Асқарбек Ертаевқа.

Сонымен қатар Сенат отырысында депутаттар «ҚР Үкіметі мен Қатар мемлекетінің Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасынан келген жұмыскерлерді Қатар мемлекетінде жұмысқа орналастыруды реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарап, мақұлдады. Жаңа құжатта қамтылған талаптар Қатар мемлекетіне жұмысқа баратын Қазақстан азаматтарын құқықтық және әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуді көздейді. Нақтырақ айтқанда, бұл келісім Қазақстан азаматтарының Қатар мемлекетінде жұмысқа орналасуы үшін құқықтық негіз қалыптастырады. Осы мақсатпен тараптар арасында туындайтын қатынастар жан-жақты реттеліп

отыр. Мәселен, Қатар мемлекетінде жұмыс істейтін жерлестеріміздің жол мен баспана шығындары шақырушы тарап есебінен өтеледі. Сондай-ақ еңбек демалысымен және медициналық қызметпен қамтамасыз ету жұмыс берушіге жүктеледі. Алдағы уақытта бұл заң Қатар мемлекетінде жұмыс істейтін азаматтарымыздың құқықтарын толық қорғауды қамтамасыз етуге өз үлесін қосады деген сенім бар.

Келісімге қазақстандық азаматтарды іріктеу, жұмысқа қабылдау және орналастыру кезінде олардың құқықтарын айқындау рәсімдерін белгілеумен қатар қосымша ретінде Қатар мемлекетінде Қазақстан Республикасынан жұмыскерлерді жалдау туралы үлгілік еңбек шарты бекітіледі. Бұл құжатта жұмыс берушінің Қатар мемлекетінің заңнамасына сәйкес тұрғын үй беру немесе тұруға жәрдемақы төлеу, жұмыс орнына дейін және кері қарай тегін көлікпен қамту не көлік жәрдемақысын төлеу, медициналық қызмет көрсету және жыл сайынғы демалысты қоса алғанда, жұмыскерлерді жұмыспен қамту жөніндегі міндеттері жазылады. Бұл ретте, Қатардың жұмыс берушісі үлгілік еңбек шартына қандай да бір өзгерістер енгізуге құқылы болмайды.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»**

МІНБЕР

Елдің жер қойнауындағы байлығын талан-таражға салуға мүдделі топтар бар. Сондықтан бұл салаға акционерлік қоғамдар емес, тек мемлекет басшылық ету керек. Олай етпеген жағдайда қазба байлықтарымыз біреулердің иелігіне өтіп кетуі мүмкін. Бұл жөнінде жуырда Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутат Ермұрат Бапи мәлімдеді. Оның бұл ойы дәстүрлі жиында бірінші оқылымда қаралған Парламент Мәжілісінде мақұлданған «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске уран саласындағы жер қойнауын пайдалануды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына қатысты болды.

ЖЕР ҚОЙНАУЫ ТАЛАН-ТАРАЖҒА ТҮСПЕУІ КЕРЕК

Депутаттың айтуынша, жаңа құжат жұмыс тобы отырыстарында қаралған кезде мүдделер қақтығысы байқалды. Бұл қазіргідей әлемде энергетикалық ресурстарды қайта бөлу мәселесі туындап жатқан кезде қауіпті. Сондықтан қаралып отырған құжатта жер қойнауын игеру саясатына тәуелсіз ел тұрғысынан келу өте маңызды. Оның игілігін әлдебір делдалдар, халықаралық алаяқтар көруіне жол бермеу керек. Сирек ғасырға жуық жол берілген жеке немесе әлдебір кландық топтардың ықпалымен бөлу мәселесіне тосқауыл қойылуы тиіс. Аталмыш заң осы шараның алтын қазығы болу керек.

Депутаттың бұлай деп қауіп етуі орынды да секілді. Өйткені аталмыш құжатта елімізде жаңа кен көздерін ашу үшін аз зерттелген аймақтарды игеруге басымдық беру үшін өз қаражатына геологиялық зерттеу жүргізетін инвесторларды тартудың құқықтық негізі жасалып отыр. Нақтырақ айтқанда, оларға жер қойнауын пайдалануға басым құқық берілмек. Құжатты қорғаған палатаның Экология және табиғатты пайдалану комитеті төрағасы Еділ Жаңбыршиннің айтуынша, бұл – еліміздің жер қойнауын игерудегі инвестициялық саясаттың жаңа философиясын айқындайтын шешуші қағида. Бұл пікір де шындыққа сай.

Бүгінгі күні геологиялық барлау саласы ұлттық экономиканың тұрақтылығы мен энергетикалық қауіпсіздігінің өзегіне айналып отырғаны белгілі. Сондықтан да Мемлекет басшысы 2026 жылға қарай геологиялық және геофизикалық барлау жүргізілген аумақ көлемін қазіргі 1,5 миллион шаршы шақырымнан кемінде 2,2 миллион шаршы шақырымға дейін ұлғайту міндетін қойды. Бұл – Парламент пен Үкімет үшін нақты межеленген стратегиялық мақсат.

Қазақстанның қазіргі мұнай-газ өндіру көлемі негізінен үш ірі кен орнына – Теңіз, Қашаған және Қарашығанаққа тәуелді. Ал өзге кен орындарының қоры сарқылу кезеңіне жақындап қалды. Жаңа мұнай мен газ қорларын анықтау – бұл тек энергетикалық емес, ұлттық қауіпсіздік пен экономикалық егемендік мәселесі.

Жалпы, 2012 жылға дейін еліміздің жер қойнауындағы болжамды алынатын шартты отын ресурстары 22,7 млрд тонна деп бағаланған болса, 2010–2012 жылдары жүргізілген зерттеулер нәтижесінде бұл көрсеткіш 76 млрд тоннаға дейін қайта есептелді. Оның 70 млрд тоннадан астамы Каспий маңы, Үстірт-Бозашы, Маңғыстау және Оңтүстік Торғай бассейндерінде шоғырланған. Ал қалған бөлігі аз зерттелген, бірақ әуелуегі жоғары провинцияларда орналасқан. Осы жайлы айта келіп, Жаңбыршин мырза оларды жүйелі барлау және игеру арқылы біз жаңа өндірістік орталықтардың қалыптасуына жол ашатындығымызды мәлімдеді. Ол осы ретте елімізде геологиялық барлауға тартылатын инвестиция көлемі жеткіліксіздігіне назар аударды. Оның айтуынша, Қазақстанда 1 шаршы шақырым аумаққа барлау жұмыстарына небары 8 АҚШ доллары жұмсалды екен. Бұл көрсеткіш дамыған елдермен салыстыруға келмейді. Мәселен, кен барлауға АҚШ-та – 87 доллар, Австралияда – 167 доллар, Канадада – 203 доллар бөлінеді. Бұл айырмашылық – біздің инвестициялық климаттағы ең әлсіз буынның бірі екенін көрсетеді. Өйткені геологиялық барлау – жоғары тәуекел мен ұзақмерзімді капитал салымын қажет ететін сала. Егер мемлекет пен заңнамалық жүйе инвестордың құқығын кепілдендірмесе, ол жаңа аймаққа қаржы салмайды.

Парламент депутаттарының бастамашылығымен әзірленген аталмыш заң жобасы осы жүйені түбегейлі өзгертеді. Бұл құжат осы тұрғыда бірнеше мәселені шешеді. Біріншіден, шегінде шектеулі өңірлік геологиялық зерттеулер жүргізілмеген немесе жүргізілген, олардың нәтижелері бойынша перспективалы шөгінді бассейндер анықталмаған аумақтар аз зерттелген аумақтар ретінде танылады. Екіншіден, инвестордың сенімін қамтамасыз ету үшін, енді өз қаражаты есебінен аз зерттелген аумақта геологиялық зерттеу жүргізген инвестор барлау және өндіру кезеңіне басым және кепілді құқықпен өте алады. Бұл үшін бірінші 3 жыл ішінде келісімшарт аумағының кемінде 30%-ын қамтитын 2D сейсмикалық зерттеу жүргізу талабы енгізілмек. Яғни, кім шын мәнінде зерттеуге қаржы салса – сол әрі қарай игеру құқығын алады. Бұл әдіс инвестордың мүддесін қорғайды және елге жаңа геологиялық деректер береді. Үшіншіден, резервтегі учаскелердің тиімді айналымын қамтамасыз етеді. Қазір көмірсутек саласындағы ұлттық компанияларға 53 жер қойнауы учаскесі резервте бекітілген. Бірақ олардың тек 20%-ы ғана игеріле бастады. Қалғандары ұзақ жылдар бойы айналымнан тыс тұр. Осыған байланысты заң жобасы резервтеу мерзімін шектеуді, ал босайтын учаскелерді электрондық аукцион арқылы нарыққа шығаруды көздейді. Бұл тәсіл бәсекелестікті арттырып, барлау процесін жеделдетеді және жаңа ойыншылардың келуіне мүмкіндік береді. Соңғысы уран саласындағы ұлттық компанияға басымдық берілмек. Әлемдік экономикада уранның маңызы артып келеді. Көптеген елдер атом энергетикасын қайта дамыта бастады. Сондықтан уран саласындағы ұлттық компанияға жаңа кен орындарын іздеу және игеру бойынша басым құқық беру – стратегиялық шешім. Бұл елдің энергетикалық теңгерімін сақтауға және атом энергетикасы саласында өз үлесімізді арттыруға бағытталған нақты қадам.

Жаңбыршин мырзаның айтуынша, осы мәселелердің шешілуі кен барлау ісіне 1 млрд АҚШ доллары көлемінде жаңа инвестиция тартуға, аз зерттелген аумақтардың жер қойнауын барлауға және игеруге жол ашу және жаңа геологиялық ақпарат алуға, көмірсутек саласында инвесторлар мен ұлттық компаниялар үшін тең жағдай орнатуға, геологиялық барлау мен өндіру арасындағы алшақтықты қысқартып, ресурстарды өнеркәсіптік айналымға тез енгізуге жол ашпақ.

Мұны сөз алған депутаттар да құптады. Мәселен, депутат Ерболат Сатыпалды жеңіл мұнай дәуірі артта қалып бара жатқанын, сондықтан аз зерттелген аймақтарды игеріп, жаңа кен көздерін ашудың жеріміздің қойнауындағы мол қазынаның қадіріне жетіп, ел игілігіне айналдыруға бағытталған сындарлы шешім екендігін атап көрсетті. Оның айтуынша, уран өндіруде көшбасшы болып отырған Қазақстанның бұл кенді толық игере алмай, өрісімізді өзгеге билетіп отырған жайы бар. Яғни, біз шикізатты береміз, ал пайдасын өзгелер көреді. Жаңа заңда технологияны елге әкелу, өңдеуді Қазақстанда жүргізу талабы қойылып отыр. Бұл ұрпақ болашағы үшін аса қажет.

Десе де құжат әлі де пысықталып, барынша ел мүддесіне сай ширатыла түсуі қажет деген ойдамыз.

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»**

СҰХБАТ



Нұржан МЫРЗАЕГЕЛДИЕВ, Шымкент қаласы Полиция департаментінің криминалдық полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі:

«ЦИФРЛАНДЫРУ – ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ»

– **Соңғы жылдары Шымкент қаласында құқықтық мәдениетті арттыру, қылмыспен күрес саласында айтарлықтай нәтижелер байқалады. Алдымен, осы бағыттағы басты басымдықтар жайында айтып өтсеңіз.**

– Бүгінгі таңда азаматтық құқықтық мемлекет құрудың маңызды міндеттерінің бірі де дәл осы қоғамдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқық бұзушылыққа «нөлдік төзімділік» қағидатын орнықтырумен байланысты болып отыр. Бұл ретте Шымкент қаласы полиция департаментінің криминалдық полиция басқармасы нақты нәтижелерге қол жеткізді. Біздің басты мақсат – мегаполистің криминогендік ахуалын тұрақтандыру, ауыр және аса ауыр қылмыстардың алдын алу мен қылмыстық фактілерді ізін суытпай ашуға назар аудару. Күн сайын жүргізілетін жедел талдау, дер кезінде

ұйымдастырылған іздестіру іс-шаралары және заманауи технологияларды пайдалану – осы бағыттағы жұмыстардың табысты әрі нәтижелі болуына ықпал еткенін байқап отырмыз.

– **Соңғы жылдары елімізде ұрлыққа қарсы іс-қимыл ерекше назарға ие болып отыр. Бұл бағыттағы шымкенттік полиция жұмысының нәтижелері қандай?**

– Иә, ұрлық мәселесі – азаматтардың тыныштығына тікелей әсер ететін аса өзекті бағыттардың бірі. Жалпы қазір еліміздің барлық аймағында ҚР Ішкі істер министрлігінің «2024–2026 жылдарға арналған ұрлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы» жүйелі түрде іске асырылып отыр. Осы бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында Шымкент қаласы әкімдігімен және тиісті аумақтық департаменттермен бірлесіп өңірлік арнайы жоспар бекітілген. Бағдарламаның басты бағыты – бөтеннің

мүлкін ұрлау фактілерін азайту және ашу көрсеткішін арттыруға назар аударылады. Шаһарда ұрлық фактілері өкінішке орай азаймай тұр. Нәтижесінде биыл қаладағы жалпы қылмыс саны – 5686 болды. Оның 1418-і (24,9%) – ұрлық. Дегенмен, өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 25,8 пайызға төмендеді. Атап айтқанда 1913-тен 1413-ке дейін азайған. Сонымен бірге ауыр санаттағы ұрлықтардың ашылуы 9,4 пайызға, ал пәтер ұрлықтарының ашылуы 10,5 пайызға дейін артқанын атап өткім келеді. Жедел іздестіру шараларын дер кезінде ұйымдастырудың арқасында аталған қылмыстарға қатысы бар деген күдікпен барлығы 178 адам ұсталды. Олардың арасында гастролерлер мен ұйымдасқан қылмыстық топтар да бар.

– **Нұржан мырза, жедел жұмыстың нәтижелерін нақты мысалдармен атап өтсеңіз.**

– Мұндай мысалдар өте көп. Мәселен, 2023 жылғы қазанда құрылыс дүкенінен 50 млн теңге ұрлаған үш күдікті тәртіп сақшыларының жедел әрекетінің арқасында ұсталып, қаражаттың басым бөлігі

ның 121-і табылып, қолға түсті. Олардың ішінде төртеуі кісі өлтіруші, 1 қарақшы, 5 тонаушы, 7 есірткі қылмысын жасаған тұлға бар. Сонымен қатар, халықаралық деңгейде іздеудегі қылмыскерлерді ұстау жұмыстары да белсенді жүруде. Интерполдың ұлттық орталық бюросының көмегімен шетел аумағында 11 қылмыскер ұсталып, тағы 5 адамның орналасқан жері анықталды. Олар Біріккен Араб Әмірліктері, Ресей, Грузия, Аргентина, Өзбекстан, Қырғызстан секілді елдерде болған.

Айта кету керек, жыл сайын ТМД елдерімен бірлесіп екі мәрте «Жедел іздестіру» атты кең ауқымды операция өткізіледі. Соның нәтижесінде Қазақстан аумағында басқа мемлекеттердің іздеуіндегі 16 бірдей қылмыскер ұсталды.

– **Ал жоғалған адамдарды іздестіру бағытында қандай жетістіктеріңіз бар? Адамдардың жоғалып кетуіне қандай фактілер әсер етеді?**

– Із-түзсіз жоғалып кеткен адамдарды іздестіру жұмыстары да біздің басты назарымызда. Жүргізілген жүйелі жедел іздестіру шарала-

қылмыстарды ашу фактілері туралы не айтар едіңіз?

– Биылғы жылдың басынан бері 234 жеке тұлғаға қарсы қылмыс тіркеліп, оның 160-ы толықтай ашылды. Соның ішінде 8 кісі өлтіру, 3 адам өлтіруге оқталу, 37 ауыр дене жарақатын салу, 12 зорлау, 48 бұзақылық, 34 орташа ауырлықтағы дене жарақаттарын салу фактілері орын алды. Бұлардың бәрі тергеушілер мен жедел іздестіру топтарының ұйымдасқан үйлесімді әрекеті мен тапқырлықтарының арқасында ашылды. Сонымен қатар сонау ондаған жылдар бұрын жасалған қылмыстар да тергеушілердің табанды әрекеттерінің арқасында бұлтартпас дәлелдердің көмегімен анықталып отыр. Айталық, биыл 25 жылдан кейін яғни 1999 жылы қарақшылықпен ұштасқан кісі өлтіру фактісі толықтай ашылды. Сондай-ақ, 2009 жылы Шымкенттегі саябақта болған атыспен кісі өлтіру ісі бойынша күдікті қолға түсті. Бұл – уақыттың қаншалықты ұзақ өткеніне қарамастан, әділеттің қашан да болсын салтанат құратынын көрсетеді.

– **Құқықтық мәдениет пен цифрландырудың қоғам қауіпсіздігіне әсері қандай?**

– Құқықтық мәдениетті арттыру мен азаматтардың заңға деген құрметін күшейту – қылмыспен күрестің ең тиімді тетіктерінің бірі. Бүгінде құқық қорғау органдары «Қауіпсіз қоғам» және «Қауіпсіз ел» ұлттық жобалары аясында цифрлық шешімдер мен жасанды интеллект технологияларын белсенді енгізіп келеді. Полицияның ақпараттық жүйелері жаңартылып, бейнебақылау желісі кеңейтіліп, деректерді интеллектуалды талдау әдістері кеңінен қолданылып жатқанын атап өткен жөн. Бұл – жай ғана цифрландыру емес, ол қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жаңа деңгейі.

– **Өңгімеңізге рақмет, полковник мырза.**

– Сіздерге де алғыс білдіремін. Қоғамдық қауіпсіздік – бәріміздің ортақ міндетіміз. Әрбір азаматтың бейқам өмірі мен тыныштығы – полиция қызметінің басты мақсаты болып қала береді.

– **Ауыр және аса ауыр**

P.S. Шымкент қаласының Криминалдық полиция басқармасы – заң үстемдігін нығайту мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің нақты үлгісі. Қызметтің ашықтығы мен нәтижелілігі, заманауи технологияларды қолдану және азаматтардың құқықтық мәдениетінің өсуі – қауіпсіз, әділетті қоғам құрудың басты кепілі болмақ.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

КИЕ

ТІЛ МЕРЕЙІ– ЕЛ МЕРЕЙІ

Қазақстанның егеменді, тәуелсіз мемлекет екендігін айқындайтын негізгі конституциялық құқық белгілерінің бірі – мемлекеттік тіл. Еліміз егемендік алғалы ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі қазақ тілі, мемлекеттік тіл еліміздің барлық аумағында қолданыс үрдісінде кеңейді. Мысалы: мемлекеттік басқару, сот ісін жүргізу, заң шығару, іс қағазын жүргізу салаларында кең өрісін алып келеді. Қай кезде болмасын тіл мәселесі – мемлекеттік тілде сөйлейтін, сол тілден сусындаған, ұлттық, ділдік белгісі болып саналатын халықтың мәселесі.

ҚР Жоғарғы Соты төрағасының 2009 жылдың 27 ақпанындағы «Іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру туралы» №36 өкімі республикамыздың барлық сот жүйесінің бағдаршамына айналған десек қателеспейміз. Қобда аудандық сотында іс қағаздарын жүргізу номенклатурасына сәйкес жүргізілетін сот тәжірибесінің талдаулары, жедел кеңес және семинар сабақ хаттамалары, жоғарғы сатыдағы соттармен және басқа да мемлекеттік мекемелермен хат алмасу мемлекеттік тілде жүргізіледі.

ҚР Азаматтық және Қылмыстық-процестік кодекстерінің 14 және 30 баптары бойынша сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілмен қатар орыс тілі немесе басқа тілдер бірдей қолданылады деп көрсетілген. Осы бап-

тарда, сондай-ақ азаматтық сот ісін жүргізу сотқа талап арыз берілген тілге қарай белгіленеді. Ол заңмен бекітілген. Еліміздегі әр ұлт, әр азамат мемлекеттік тілді құрметтеуі тиіс. Мемлекеттік тілде іс жүргізуде, бірінші заң орны, соның ішінде сот үлгі болуы қажет.

Қазіргі таңда өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидарымыз 90-жылдарға қарағанда әлдеқайда «қазақша сайрап тұр» десек болады. Бұл біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесінің асқақтағанын, бұл осы уақытқа дейін барлық мүмкін болар оңды-солды жағдайды жете бағамдай отырып жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі.

Бүгінгі күні біздің елімізде тілдердің үш тұғырлығы деген жаңа термин пайда болды. Әлемдік өркениетке қадам басу үшін қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де жетік білу талап етілуде. Жас ұрпақтың білім ордаларында осыған орай шет тілін меңгеру үшін білім алып жатқаны да қуантады. Өрине, әлемдік даму үрдістерінен кейін қалып қоюға болмайды.

Бүгінгі таңда, мемлекеттік тілдің мәртебесін нақты белгілеу туралы әр түрлі талаптар мен өтініштер бар.

Мемлекеттік бағдарламаның басты



стратегиялық мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналатын мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындары, мемлекеттік қызмет және қоғамдық-саяси, әлеуметтік кәсіпкерлік саласының барлығында да батыл қолданысқа енгізіп, қазақстандықтардың өмірлік қажетіне айналдыру.

Бағдарламаны іске асырудың аталмыш кезеңі алдымызға жаңа міндеттер жүктейді. Олардың бәрін рет-ретімен жүзеге асыруға қазіргі кезеңде толық мүмкіндік бар.

Сонымен тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсам, тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Демек, әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек, ағайын!

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЖАСЫЛ ЕЛ

ЫНТЫМАҚ БАР ЖЕРДЕ ЫРЫС МОЛ

Жетісу облысының басшысы Бейбіт Өксікбайұлы «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылған облыстық «Үлгілі елді мекен» байқауының нәтижесі бойынша таза ауылдар мен аудан орталықтарын марапаттады. Облыс бойынша өткен «Үлгілі елді мекен» байқауында Жаркент қаласы екінші орынды иеленді. Бұнда қаланың абаттандырылуы, демалыс орындары мен саябақтардың жаңартылуы, тазалық тағы басқа да талаптар қарастырылған. «Өздеріңіз білесіздер соңғы екі жылда қала орталығын көркейту, саябақтарды жаңарту, арбат салу сынды жұмыстар кешенді түрде жалғасуда. Осы орайда облыс әкімі ауданымыздың инфрақұрылымын жаңғыртуда ерекше қолдау көрсетіп келеді. Қаланың бұл жетістігі сіздердің сенбілік жұмыстарына тұрақты түрде араласып, Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына белсене ат салысуларыңыздың арқасы мен бірліктеріңіздің жемісі деп білемін! – дейді аудан әкімі Марат Сағымбек.

Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы Панфилов ауданында өте белсенді түрде жүргізілуде. Өңір тазалығы тек міндетті тұлғалардың ғана емес, бүгінде жалпыхалықтық жауапкершілікке ұласты. Елді гүлденген жасыл аймаққа айналдыру жастардың да белсенділігін оятқан өзекті мәселе. Осы ретте, аудан жастары да бұл акцияға өз үлестерін қоса бастады. Мәселен, жақында Билал-Назым атындағы орта мектептің 6-сынып оқушысы Мұхаббат Нұрмұхамедова аудан әкімінің қабылдауында болды. Ол Өсек өзенінің бойын өзі видеоға түсіріп, табиғатты қорғау, экологияны таза ұстау бойынша жобаларын таныстырды. Бұл бастама әкім тарапынан үлкен қолдау тауып, аймақта жас еріктілер ұсынысы жалпыаудандық сенбілікке жалғасты. Аудан көлемінде қоқыстан тазарту және көшеттер отырғызу жұмыстары жүргізілді.

Аудан бойынша сенбілікке 5000-нан астам азаматтар мен 35 техника жұмылдырылып, 100 тоннадан астам қоқыс шығарылып 2000 көшет отырғызылды.

– Мемлекет басшысының бастамасы аясындағы «Таза Қазақстан» акциясы ауданымызда тұрақты түрде жүргізілуде. Бастаманы еріктілер мен тұрғындар қолдап, ұдайы белсенділік танытуда. Әсіресе оқушылар мен жастардың бастаманы қолдап, өздері түрлі шаралар өткізуі қуантады. Барша қолдау білдірген тұрғындар мен белсенді жастарымызға ризашылығымды білдіремін! – дейді аудан басшысы.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН,
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

АЗАМАТ. СУДЬЯ. КӨШБАСШЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соның ішінде Шымкент қаласының дәл ортасында бой көтерген – Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының әсем ғимаратының құрылысы Абай Рахметулин облыстық сотты басқарып тұрған кезде басталып, Нұрсерік ініміз төраға болып келген уақытта сәтті де сапалы аяқталған еді. Өзбекстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы облыстық соттың жаңа ғимаратына атбасын тіреп, сот төрелігі атқарылатын ғимаратты аралады, басын таңдана шайқап, жоғары баға берді. Осы алып құрылыстың бас-аяғында, күндіз-түні дамыл таппай Нұрсеріктің жүргенін талай көрдік. Сот ғимаратының алдында үш биге арналған ескерткіш те Нұрсерік ініміздің жеке бастамасымен қолға алынып, бюджеттен бір тиын да қаржы бөлінбестен орнатылған болатын.

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толуына байланысты өткен елеулі іс-шаралардың басында да Нұрсерік ініміз тұрды. Шаралар алдында Шәріпов Оңтүстік облысының сот саласында судья болған және қызмет жасаған майдангерлердің есімін анықтау үшін Әскери мұражайға тиісті сұрау жолдады.

Соның нәтижесінде, Оңтүстік Қазақстаннан Отан соғысына қатысқан судьялар есімі анықталып, олардың өшпес ерлігін өскелең ұрпаққа жеткізу мақсатында Украинадан арнайы қоңыр түсті гранит тасын алдырып, анықталған майдангерлер атын алтын әріптермен ойып жаздырды. Майдангерлер есімі жазылған ДАҢҚ ТАҚТАСЫ 2015 жылғы 9 мамырда соғыс және сот ардагерлерінің, облыс жұртшылығының, судьялардың қатысуымен мерекелік жағдайда салтанатты түрде ашылды. Бұл елеулі шараға да мемлекет тарапынан қаржы бөлінген жоқ.

Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының ұйымдастыруымен «Есім ханның ескі жолы» – ауызша қағидалар жиынтығының озық үлгілері» тақырыбындағы аймақтық ғылыми конференция қасиетті Түркістан қаласында 2015 жылғы 13 мамырда өткен болатын. Сонда Нұрсерік інімізді тағы бір қырынан байқадым. Ол жоспардағы іс-шараның өз уақытында және сапалы орындалуын мұқият қадағалаумен қатар, әрбір болашақ іске, сол саланың нағыз маманындай бүге-шігесіне дейін бойлап, кеңес берумен болды. Кезекті комиссия мүшелерінің басқосуында, шын көңілден ырза болғанымды жасырмай оған: «Қой асығы деменіз, қолыңа жақса сақа тұт, жасы кіші деменіз, ақылы асса аға тұт», – деп айтқаным әріптестердің есінде болар...



Облыс сотында судьялық лауазымында қызмет жасаған кездері БАҚ өкілдерімен үйлестіруші судья болдым. Сонда Нұрсерік ініміз журналистермен жиі-жиі кездесу өткізетін, олардың небір құйтырқы сұрағына қазақ, орыс тілінде іркілместен, нақты да негізді жауап қайтаратын. Осындай бір сұрақ-жауап кезінде оппозициялық басылманың өкілі қойылған сұрағына сай тиісті жауабын алып, өте риза болса керек: «Вот это председатель! Я не знала, что на юге областной суд возглавляет такой молодой, энергичный, грамотный судья, его не подведешь!» – деп таңдана бас шайқаған...

2022 жылғы 24 маусым «Судья және сот қызметкерлері күні» болып белгіленгенге дейін көпшілікке көп мәлім болмаған бір-екі жәйтті айтпай өтсем сын болар.

Осы орайда төл мерекеміз неге отыз жыл бойы белгіленбеді, оған не себеп болған деген заңды сұрақ туындайды. Күрмеуі шешілместей көрінген мәселені он үш жыл бұрын көтерген сот саласының азаматтарын атап өткен жөн. 2012 жылдың басы болса керек, облыстық соттың әр дүйсенбіде өтетін жедел жиналысын аяқтай келе, төраға облыстық соттың баспасөз хатшысы Қабыл Дүйсенбіге және маған «екеуіңіз тоқтай тұрыңыздар, кеңесетін шаруа бар» деді. Сол жерде төраға өзінің көптен бері көкейінде жүрген, судьялардың кәсіби мерекесіне қатысты мәселеге орай кеңескелі отырғанын айтты. Кеңесу қорытындысына сай төраға маған – БАҚ өкілдерімен үйлестіруші судья

ретінде, осы көтерілген мәселе бойынша мақала жазып, «Заң газетіне» жолдауды, ал баспасөз хатшысы Қ.Дүйсенбіге сол жазылуға тиіс мақалаға арқау болатын мәліметтерді маған беруді және оған қатысты болған барлық іс-шаралар бойынша көмектесуді өтінді. Тапсырма анық, енді тек оны өз мерзімінде орындауды өз жауапкершілігімізге алып, жұмысқа кірістік.

Баспасөз хатшысы Қ.Дүйсенбінің және өзім жинақтаған деректер негізінде, «Судьялардың төл мерекесі белгіленуі тиіс», деген айдармен аталған мақаланың жобасы дүниеге келді, оны төраға Н.Шәріповке көрсетіп, келісімін алған соң «Заң газетіне» жолдадым. Арада көп уақыт өтпей-ақ, аталған газеттің 2012 жылғы қаңтар айының 13 жұлдызындағы кезекті № 5 санында менің мақалам жарқ ете қалды.

Оқырмандарға түсінікті болу үшін аталған мақаламның кейбір тұстарынан үзінді келтірейін: «Ата Заңымыздың «Соттар және сот төрелігі» деп аталатын арнайы VII бөліміндегі 9-баптың, 8-бабы, сондай-ақ 4, 13, 14, 16, 55-баптары тек соттарға қатысты екендігінен-ақ сот билігінің қаншалықты азаматтардың өмірі мен құқығын қорғайтын әлеуетті биліктің үшінші тармағына айналғанын көруге болады. Қазақстандық бүгінгі сот жүйесі – бұл бүкіләлемдік сот қалыптарының ажырамас бір бөлігі. Соңғы кездері біздің елімізде Президенттің тікелей басшылығымен сот жүйесін нығайту

және судьялардың мәртебесін арттыру жөнінен бірқатар маңызды да нақты қадамдар жасалғанымен, осы біз көтеріп отырған мәселенің әлі күнге дейін көлеңкеде қалып қоюы өкінішті-ақ.

Елімізде әр жыл сайын (соңғы – 01.12.2011 жылы бекітілген «Елбасы күнімен» қатар, 45 күн мемлекеттік мерекелер мен кәсіби мерекелерге арналып, тойланып жатады екен. Сол кәсіби мерекелердің ішінде, археологтар, шахтерлар, құрылыс-

тиісті органдардың алдына қойса, ал соңынан оң шешімін тауып жатса, нұр үстіне нұр болар еді» деген мақаламыз «Заң газетінің» бетінде жарияланды.

Төл мерекеміздің белгіленуіне тек біз ғана мұрындық болғанбыз, Американы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының судьялары ашты деп көкірек керуден аулақпын. Тек соттардың төл мерекесі жайлы БАҚ беттерінде бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы Нұрсерік Шәріповтің бастамасымен бірінші болып мәселе көтерген азаматтар арасында жеке өзімнің және облыстық баспасөз хатшысы Қ.Дүйсенбінің болғанын мақтанышпен еске аламын. Бауыржан атамыздың: «Мен істедім дегенше, ер істеді десеңші. Ер істеді дегенше, ел істеді десеңші» деген бір ауыз қағидатын қатаң ұстанатын Нұрекең жалаң, арзанқол абыройдың қажет еместігін мен жақсы білемін, себебі ол мұндайға жан-тәнімен қарсы азамат. Тек бұл азаматтың көрсетілген шаруаға тікелей басшылық етіп, атсалысқанын ерекше айтып өту маған парыз.

Мақала «Заң газетіне» шыққаннан кейін Нұрекең бізге жақын арада Астанаға жол жүретінін, Жоғарғы соттың сол кездегі төрағасы Б.Бекназаров пен ҚР Судьялар одағының төрағасы В.Борисовке арнайы жолығатынын, сонда көтерілген мәселені аталған басшыларға айтатынын жеткізді.

Менің мақалам жария етілген соң, «Заң газетінің» 2012 жылғы тамыз айының 10-жұлдызындағы санында заң саласының майталманы, профессор Ағыбаев Арықбай ағамыздың «Сот жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі белгіленуі қажет» деген мақаласымен қатар Алматы гарнизоны Әскери сотының төрағасы Мұхамеджан Пақырдіновтың Жоғарғы Сот басшыларына үндеуі жарияланды. Аталған мақаламен таныса сала, ондағы келтірілген мәселелерді толықтай

құптай отырып, тағы бір мақаламды «Заң газетіне» жолдадым. Аталған басылымның редакциясына мың да бір алғыс, өйткені мен жолдаған мақаланы жедел түрде газетте жариялады. БАҚ беттерінен, ғаламтор желісінен «Сот және сот қызметкерлері күні» нақты белгіленетін болды деген сүйінші хабар құлаққа тие сала, тағы бір мақала жаздым. Ол «Заң газетінің» 2021 жылғы шілде айының 20-жұлдызындағы № 57 санында «Мәселе оң шешімін тапты» деген айдармен жарыққа шықты. Міне, судьялар мен сот қызметкерлері үшін маңызы зор мерекенің белгіленуіне Нұрсерік Шәріповтің ұсынысы, тілегі, бағыт-бағдары түрткі болғанын айрықша атап өту міндет.

Нұрсерік ініміз жайлы айта берсек сөз көп, оның бәрін газет беті көтермейді. Бір нәрсе анық, Нұрсерік ініміз шындығында: «Азамат. Судья. Тұлға. Көшбасшы» деп атауға тұрарлық бірегей жан.

Ыбырай қажы МӘТІБАЕВ,
бұрынғы Оңтүстік Қазақстан
облыстық сотының
экс-судьясы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДА

Мемлекеттік қызметшілердің құқығы мен мүддесін қорғау алдыңғы қатарда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Жетісу облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызметшілердің құқығын қалпына келтіру және қорғау мәселелерін ерекше назарда ұстайды.

Департамент 2025 жылдың 9 айында 8 мемлекеттік органда жоспарлы тексеріс жүргізіп, нәтижесінде мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы және қызметтік әдеп нормасын сақтамау бойынша 722 фактіні анықтап, 118 мемлекеттік қызметшінің құқығы қалпына келтірілді. Сонымен қатар, департамент мемлекеттік органдар қызметшілеріне еңбек демалысын беру мен іссапар шығынын төлеу талабының және мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің сыйақы алу кезіндегі құқығының сақталуына тұрақты түрде талдау жүргізуде.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңының 57-бабы 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік қызметшілерге ел Үкіметі айқындайтын тәртіппен қызметтік іссапарға, оның ішінде шет мемлекеттерге іссапарға барғаны үшін ақы қарастырылған. Талдау барысында 2025 жылғы III тоқсанда кейбір жергілікті атқарушы органдардың 37 мемлекеттік қызметшіге іссапарға арналған шығысты толық көлемде жүргізбегені анықталды. Нәтижесінде қызметкерлердің құқығы қалпына келтіріліп, іссапар шығыны

төленді. Сонымен қатар, департамент тарапынан жұмыс уақыты режимінің сақталуына мониторинг жүргізілді. Мониторинг жүргізу тәртібі Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының «Мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауына мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» №121 бұйрығымен бекітілген. Нәтижесінде, мемлекеттік қызметшілердің жалпы 1663 сағат заңсыз үстеме жұмыс жасағаны анықталып, 87 мемлекеттік қызметшінің құқығы қалпына келтірілген.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 89-бабына сәйкес, жұмыс берушінің еңбек заңнамасында көзделген жұмыс уақытының ұзақтығын заңсыз асыруы ескерту жасауға әкеп соғады, бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет лауазымды адамдарға – қырық АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2025 жылдың III тоқсанында 6 мемлекеттік органның жұмыс уақыты нормасын заңсыз асыруына байланысты, кодекстің 89-бабына сәйкес 6 әкімшілік хаттама толтырылған. Қағиданың 17-тармағына сәйкес, жұмыс уақыты режимін бұзудың алдын алу

және оған жол бермеу үшін мемлекеттік органдарға тиісті шаралар қолдану мақсатында ұсыныс жолданады. Аталған бағыттағы жұмыстарды нәтижелі жүзеге асыру айрықша маңызды.

Мемлекеттік қызметшілердің құқығы мен мүддесін қорғау алдыңғы қатарда. Олардың әрекеттері тиімді ғана емес, сонымен қатар заңды болуы керек.

Мемлекеттік қызметшілерге арналған заманауи электрондық дерекқорларға, заңдық анықтамалықтарға және консультациялық қызметтерге қолжеткізу де құқықтық сауаттылық деңгейін айтарлықтай арттыра алады. Мемлекеттік қызметшілер арасында құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру мемлекеттік органдар үшін басым міндет болуға тиіс, өйткені бұл мемлекет пен оның азаматтарының болашағының жарқын көрінісі.

Қ. МАНАП,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Жетісу облысы
бойынша департаментінің басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы

РУХАНИЯТ

ӨНЕР – ТӘУЕКЕЛІ ЖЕТКЕННІҢ ТҰҒЫРЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Қонақтар Шонжы ауылындағы Әлмерек Жаншықұлының ескерткішіне гүл қойып, Мәдениет үйінде өткен «Өнер – тәуекелі жеткеннің тұғыры» атты әдеби-сазды кешті тамашалады. Онда мерейтой иесі ойнаған спектакльдерден үзінділер қойылып, Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен ән әуелеп, күй күмбірлеп, Бекжан Асаубайұлының атына жолданған Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың, Мәжіліс палатасының төрағасы Ерлан Қошанов, ҚР Президентінің идеология және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі Арман Қырықбаевтың, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаевтың, ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің құттықтау хаттары оқылды.

Сондай-ақ Алматыдағы М. Әуезов атындағы қазақ академиялық ұлттық театрының «Бес бойдаққа бір той» спектаклі қойылды. Мерейтой енді қазан айының екінші онкүндігінде Алматы қаласында, ал қараша айында Қонаев қаласында өз жалғасын таппақ.

Бекжан Тұрыстың қазақ мәдениетіндегі шоқтығы биік. Сыншы Әлия Бөпежанованың айтуынша, жалпы актердің кейіпкерлерінің жан дүниесіне ену, болмысын игеру тәжірибелері қызғылықты. Атап айтарлығы – ол детальдарға ерекше мән береді. Сондықтан да оның екінші пландағы, тіпті эпизодтық кейіпкерлерінің өзі толыққанды, жанды шығып, көрермен көкейінде жатталып қалады.

«Мысалы, «Абайдың» кейінгі қойылымында (режиссер Е.Обаев) Жиреншенің Айдар мен Ажар ара-

Лебіз

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Сенат төрағасы:

– Ел-жұртыңыз өзіңізді белгілі актер, қазақ мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосқан дарын иесі және ұлт жанашыры ретінде ерекше құрмет тұтады. Сіз қарашаңырақ Мұхтар Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театрының сахнасында түрлі рөлдерді сомдап, өнерсүйер қауымның ыстық ықыласына бөлендіңіз. Кәсіби шеберлігіңіз бен талантыңыздың арқасында көптеген кейіпкерлердің қайталанбас образын жасадыңыз. Ұлттық мүддені көздейтін тележобаларға қатысып, халқымыздың асыл мұрасын дәріптеуге де еселі еңбек сіңірдіңіз. Төл құндылықтарымызды насихаттауға, сабақтастықты сақтауға және жас ұрпақтың бойына отанышылдық сезімді дарытуға арналған моноспектакльдеріңіз қашан да жоғары бағаға лайық. Сіз осы бағыттағы тың бастамаларыңыз арқылы өнерге деген адалдықтың, биік өре мен талғамның және парасат пен пайымның озық үлгісін көрсеттіңіз.

Алдағы уақытта да елдік мұрат пен ұлттық бірегейлікті ту еткен шығармашылық жолыңызда жаңа белестерді бағындыруыңызға тілектеспін. Адамгершілік пен ізгілікті және әділет пен ақиқаттан қуат алатын өнеріңізбен ұлт руханиятының өрісін кеңейтіп, көрермендеріңізді қуанта беріңіз.

Ерлан ҚОШАНОВ,
Мәжіліс төрағасы:

– Азат өмір мен асқаралы белеске зор рухани қазынамен, үлкен абыроймен жетіп отырсыз. Көпке танымал талантты актерсіз. Ұлттық театр және кино өнерінің өркендеуіне сіңірген еңбегіңіз мол. Осы жылдар ішінде үздіксіз шығармашылықпен айналысып, ұлттық сахна өнерінің озық дәстүрін қалыптастырған аға буын актерлердің жолын лайықты жалғастырып келесіз. 60 жасқа түрлі бейнелерді сомдап, әр кейіпкер арқылы көрермен жүрегінен жол таптыңыз. Қашан да өнеріңіз өрісті те жемісті болсын!

Ерлан ҚАРИН,
ҚР Мемлекеттік кеңесшісі:

– Сізді қазақ мәдениетінде өзіндік орны бар театр және кино актері, ел ықыласына бөленген өнер иесі ретінде ерекше құрметтеймін. Театр сахнасында табысты еңбек етіп, қазақ драматургиясының классикалық туындыларында басты рөлдерді шебер сомдадыңыз. Көрермен



сындағы сүйіспеншілікке байланысты дауға билік айтатын сахнасын еске түсірелік. Қазақта би біткен шешен. Дегенмен де Бекжан-Жиреншенің дестелетіп сөйлеуі, сөз саптауы қандай! Өзі сыр бермеген-сігенмен, әбден қансорпасы шыққанын етектей қол орамалымен бет-мойнының терін бипаздап сүрте бергенінен, ең соңында орамалды желкесіне салып алғанынан сезесіз. Бітіспес жаулыққа бет алған Оразбайлар тобының белді өкілі Жиренше осал жау емес, өз уақытының, ортасының мықтыларының бірі. Актер ойыны осыны танытады», – дейді сыншы.

Халық артисі Тұңғышбай Жаманқұлов: «Бекжан Тұрыс – ұлт-

жанды, өмір мен өнерге үстірт қарамайтын ойлы азамат. Сөз саптауда арзан сөз айтпайтын шешен», – десе, жазушы Зейнеп Ахметованың: «Бекжанның бірнеше қойылымына бардым. Шәмшісі ерекше. Өйткені ол Шәмші әндерін өзі орындайтын мықты әнші ғой. Бекжанда шынайылық басым», – деуі актерді бағалайтын, жақсы көретін қалың оқырманның пікірімен өзектес.

Осы ретте режиссер Гүлсина Мирғалиеваның: «Бекжан Тұрыс сахнада үнемі адамды өзіне тартып тұрады. Өйткені, ол бүгіннің адамы емес. Бөлек философия секілді», – деген пікірі де айтулы актердің өзгелерден бөлек болмыс-бітімінен хабар беретіндей.

жүрегіне терең бойлап, әр кейіпкердің эмоциясын шынайы жеткізе білдіңіз. Әртүрлі жанрдағы фильмдерге түсіп, драмалық рөлдерден бастап комедиялық кейіпкерлерге дейін сәтті орындап, кино өнерінде де зор табысқа қол жеткіздіңіз. Өнер саласында ғана емес, қоғамдық өмірде де белсенділік танытып, жастарға тәлімгерлік жасап, қолдау көрсетіп келесіз. Өнегелі өмір жолыңыз сан қырлы шығармашылығыңыз ұлт мәдениетінің алтын қазынасына айналары сөзсіз. Алдағы уақытта да ел руханиятына қызмет етіп, сый-құрметке бөлене беруіңізге тілестеспіз.

Бота ЕЛЕУСІЗОВА,
Алматы облысы Ұйғыр ауданының әкімі:

– Бүгінгі кеш иесінің шығармашылық жолы тек өнер әлемінде өткізген белес қана емес, сонымен қатар ұлт мәдениетінің дамуына қосқан зор үлес. Туған жерінің мерейін асқақтататын мақтаныш. Қазақтың төл өнерін қадірлеген, театр әлемінің биігін бағындырған, ел руханиятының елшісі. Құрметті Бекжан Асаубайұлы, мерейлі 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Туған еліңіз өзіңіздей дара перзентімен мақтанады. Еліміздің өнер саласына сіңіріп келе жатқан еңбегіңіз бен мәдениет саласының қарыштап дамуына қосып келе жатқан үлесіңіз өлшеусіз. Сіз салып келе жатқан өмір соқпағы өскелең ұрпақ үшін өнеге мен үлгінің дара даңғылы. Киелі өнердің келешегін кемел қылу жолындағы қажырлы қызметіңіз табысты болғай.

Еркін ЖУАСБЕК,
М.Әуезов атындағы ұлттық драма театрының директоры:

– Бекжандай актер жоқ. Ол кісі өзінің алдындағы ағаларына үлкен құрметпен қарайды. Сахнада ешкімді қайталамау, Бекжан болу бұл кісінің өнердегі негізі кредосы деп білеміз. Бекжанның осы қасиетіне қуанамыз, мақтанамыз. Артынан ерген інілері, жастар Бекжанның тек сахнада емес, өмірдегі ұстанымына, айтар пікіріне тәнті болып қана қоймай, сабақ ретінде, мектеп ретінде сіңіруде. Бекжан өзінің өнердегі орнын, өз болмысын қалыптастырған қазақтың мақтанышы. Сондықтан сіздердің құрметтеріңіз жарасымды, біз үшін өте бағалы. Мен Бекжанды құстанаалаған, өнерін қызғанған, теріс пікір айтқан бір адам көрмеппін осы күнге дейін. Өйткені оның өнері ата-анасының қанымен, оның өнері өзінің жанымен, білімімен жасалған өзіндік өнер. Сондықтан Бекжан Тұрыс – ерекше актер. Сахнада тұрып халықтың қамын жейтін, бүгінгі шындықты астарлап тұрып жеткізетін өнер – бұл құрметті өнер.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

Бүгінгі таңда интернеттің дамуымен бірге онлайн-казино индустриясы да қарқынды өсіп келеді. Бірнеше жыл бұрын тек шетелдік сайттар арқылы ғана қолжетімді болған бұл қызметтер қазір Қазақстанда да кең таралуда. Алайда бұл құбылыс қоғамда екіұшты көзқарас туғызуда – бірі оны оңай табыс көзі деп білсе, енді бірі тәуелділікке апаратын қауіпті жол ретінде қарайды.

Онлайн-казино дегеніміз не? Онлайн-казино – бұл түрлі құмар ойындарын интернет арқылы ойнауға мүмкіндік беретін платформа. Оларға покер, рулетка, ойын автоматтары (слоттар), блэкджек сынды танымал ойын түрлері жатады. Барлық ойындар виртуалды түрде, көбінесе арнайы бағдарламалар мен кездейсоқ сандар генераторлары арқылы жүзеге асады.

Қазақстанда заңдастырылған ба? Қа-

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ПЕН ҚАУІПТІҢ АРАСЫ БІР-АҚ ҚАДАМ

зақстанда онлайн-казино қызметіне рұқсат жоқ. «Ойын бизнесі туралы» заңға сәйкес, казино мен ойын автоматтары тек арнайы ойын аймақтарында – Қонаев пен Бурабайда ғана рұқсат етілген. Онлайн-казино қызметтерін көрсету және жарнамалау заңмен қатаң шектелген. Алайда көптеген азамат шетелдік сайттар арқылы ойнап, бұл тыйымды айналып өтуде.

Бүгінгі таңда Қазақстанда заңсыз онлайн-казиноларды ұйымдастырғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті көздеген арнайы құқықтық норма бар. Бұл Қылмыстық кодекстің 307-бабында дәйектелген. Аталған баптың 1-бөлігіне сәйкес, рұқсатсыз онлайн-казино ұйымдастырғаны үшін келесі жаза түрлері қарастырылған:

- екі мың айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейінгі мөлшерде айыппұл,
- не дәл сол мөлшерде түзету жұмыстары,
- не 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту,

- не екі жылға дейін бас бостандығын шектеу,
- не сол мерзімге бас бостандығынан айыру – мүлкін тәркілеумен бірге. Егер құқық бұзушылық ауырлататын мән-жайлармен жасалса (мысалы, қылмыстық топ құрамында, қайталап жасалуы немесе ірі табыс табу мақсатында), жаза қатаңдай түседі. Мұндай жағдайда кінәлі тұлғаға төрт жылдан жеті жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған, сондай-ақ мүлкі тәркіленеді.

Осылайша, Қазақстан Республикасының заңнамасы құмар ойындар саласын қатаң реттейді және онлайн ортада жасырын түрде жүргізілетін заңсыз әрекеттерге жол бермейді. Заңсыз интернет-казино ұйымдастырушылары ірі көлемдегі айыппұлдармен қатар, нақты бас бостандығынан айыру жазасына да тартылады.

Онлайн-казиноны тандаушылар оның қолжетімділігі мен ыңғайлылығын алға тартады.

Телефон немесе компьютер арқылы кез келген уақытта ойнауға болады. Бонустар мен жарнамалар да қызығушылықты арттырады. Бірақ мамандар бұл саланың теріс жақтарына көбірек назар аударады. Ең үлкен қауіп – құмар ойынға тәуелділік. Бұл адам психикасына кері әсер етіп, қаржылық қиындықтарға, отбасылық жанжалдарға, тіпті қылмыстық әрекеттерге дейін алып келуі мүмкін.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы құмар ойынға тәуелділікті психикалық дерт ретінде таниды. Сауалнамалар көрсеткендей, қазақстандықтардың басым бөлігі онлайн-казиноға тыйымды қолдайды. Дегенмен жастар арасында қызығушылық артып келеді. Әлеуметтік желілер мен блогерлердің кейбірі бұл ойындарды насихаттап жүргені – алаңдатарлық жайт.

Онлайн-казино – заманауи технологиялар мен жаһандану үрдісінің бір көрінісі. Ол қызығушылық тудыратын сала болғанымен, салдары ауыр болуы мүмкін. Сондықтан қоғам ретінде бұл мәселеге бейжай қарамай, жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру – бүгінгі күннің өзекті міндеті.

Мұхтар АЖИБАЕВ,
Ақтау қалалық сотының судьясы

ПӘРМЕН

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ – ӘДІЛЕТ ҮСТЕМДІГІНІҢ АЙНАСЫ

ҚР Конституциялық Соты Қазақстанның бүкіл аумағында ҚР Конституциясының үстемдігін қамтамасыз етеді.

Конституциялық Сот өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде дербес және азаматтардан, ұйымдардан, мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз, ҚР Конституциясын және осы Конституциялық заңды басшылыққа алады, соттардың немесе басқа да мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін барлық жағдайларда өзге мәселелерді анықтаудан, зерттеуден және тексеруден қалыс қалады.

Өз қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі мәселелері бойынша Конституциялық Сот осы Конституциялық заң негізінде Конституциялық Соттың регламентін және өзге де актілерді қабылдайды.

Конституциялық Соттың отырысында қабылданатын акт оның шешімі саналады.

Конституциялық Сот шешімдерді алқалы түрде қабылдайды. Конституциялық заңның 25-бабының 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, Конституциялық Сот шешімді ашық дауыс беру арқылы отырысқа қатысушы судьялардың көпшілік дауысымен қабылдайды.

Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары мен қорытындылары қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, әрі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті және шағым жасалуға жатпайды. Өзге шешімдердің күшіне ену тәртібін Конституциялық Сот айқындайды.

Конституциялық Соттың шешімдері тікелей қолданылады және басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың растауын талап етпейді. Конституциялық Соттың құқықтық актіні немесе оның жекелеген ережелерін ҚР Конституциясына сәйкес келмейді деп тану туралы

шешімінің заңдық күшін дәл осындай мазмұндағы осы актіні қайтадан қабылдау арқылы еңсеруге болмайды.

ҚР Конституциясына сәйкес келмейді деп танылған заңдар мен Қазақстанның халықаралық шарттарына қол қоюға не тиісінше ратификациялауға және қолданысқа енгізуге болмайды. Заңдарды ҚР Конституциясына сәйкес келеді деп тану оларға қол қою мерзімінің өтуін қайта бастайды. Мемлекеттің халықаралық шарттарын ҚР Конституциясына сәйкес келеді деп тану оларды ратификациялау процесін қайта жалғастырады.

Конституциялық емес, оның ішінде адамның және азаматтың ҚР Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілердің, олардың жекелеген ережелерінің күші жойылады және Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен немесе ол белгілеген күннен бастап қолданылмайды.

Конституциялық Сот өзі қабылдаған қорытынды шешімнің қолданылуы мен орындалуының өзге тәртібін айқындаған жағдайларды қоспағанда, соттардың және өзге де құқық қолдану органдарының осындай заңға немесе өзге де құқықтық актіге негізделген шешімдері орындалуға жатпайды және белгіленген тәртіппен қайта қаралуға тиіс.

Заңның және өзге де құқықтық актінің немесе олардың жекелеген ережелерінің ҚР Конституциясына сәйкес келмейді деп танылуы конституциялық емес деп танылған немесе осындай ережелерге негізделген не осы ережелерді қайталайтын ережелерді қамтитын басқа заңдардың немесе өзге де



Сандуғаш ИЗБАГАМБЕТОВА,
Ақтөбе қаласы
№2 сотының
судьясы

құқықтық актілердің ережелерінің белгіленген тәртіппен күшін жоюға негіз. Конституциялық Соттың қорытынды шешімдері:

- шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде жолда-ным субъектілеріне немесе олардың өкілдеріне, сондай-ақ барлық жағдайларда ҚР Президентіне, ҚР Парламенті палаталарына, ҚР Жоғарғы Сотына, ҚР Бас Прокуро-рына, ҚР Әділет министріне жол-данады;

- заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында, құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесінде, Конституциялық Сот-тың интернет-ресурсында, сон-дай-ақ Конституциялық Соттың шешімі бойынша басқа да дерек-көздерде қазақ және орыс тіл-дерінде жариялануға жатады.

Өзге шешімдер қажеттілігіне қарай Конституциялық Сот-тың регламентінде белгіленген жағдайларда және тәртіппен жарияланады және тиісті мем-лекеттік органдарға, лауазымды адамдарға, ұйымдар мен азамат-тарға жолданады.

КЕМЕҢГЕР

Адамзаттың ақыл-ойының даму тарихы туралы сөз қозғалғанда, мына біз, қазақ ұлтының перзенттері, жат жұрттардың алдына даналықтың үлгісі ретінде неге Абайды мақтанышпен атаймыз?

ДАНАЛЫҚТЫҢ КЕНІ

Абай – қазақ халқының ар-ождан-ы, ұлттық мақтанышы және намысы. Ол тек қана қазақ елінің тегін текте-генде ғана қасиеті артатын ұлы тұлға емес, қадым заманнан бері көшпен-ділер мәдениетінің барлық болмысын бойына сіңірген жиынтық қасиеті. Өзге де дара тұлғалар қазақ жерінде өмір сүрді. Алайда соның барлығы тұтаса келіп Абайды толықтырады. Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Абайдың ақындық қуатының терең тамырына үңілген зерттеушілеріміз оның қазақ фольклорынан, шығыс пен батыстың сөз өнерінен, орыс әдебиетінен, тарихи еңбектерден сарқылмас нәр алғанын айтады.

Ұлы Абай атамыз өз заманына дейінгі дала данышпандарының даналық мәйегін меңгерген, бүкіл көшпелілер дүниетанымын, рухани болмысын, парасатын, көркем ойының мүмкін-дігін танытқан, сол арқылы адамзат санасының дамуына үлес қосқан дара дана. «Абай – мұқым көшпелілер мә-дениетінің әлемдік рухани қазынаға қосқан ұлы үлесі» – деп айтуға бо-лады.

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдеби-етінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Абай-дың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеу-лес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Абай қа-зақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игер-мейінше, биіктердің бағына қоймай-тынын айтты. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Ал қазіргідей жаңа тарихи жағдай-да бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Жастарымыз неғұрлым көп тілді мең-герсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не бе-ретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жа-лынбайды», – дейді. Демек, өзімізден озық тұрған жұртпен деңгейлес болу үшін де оның тілін меңгерудің маңызы зор.

Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып оты-руы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Ұлы Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа са-пасын қалыптастыруға қызмет етеді. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналды-



Г.АБЫЛҚАЛЫҚОВА,
Риддер қалалық сотының
бас маманы,
сот отырысының хатшысы

ру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі.

Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бір-лігін биіктетті. Хакім Абайдың ұста-нымдары өркениетті мемлекет қағи-даларымен үндеседі. Заң үстемдігі, биліктің ашықтығы мен халық алдын-да есеп беруі жоғары деңгейде бо-лып, мемлекет ісіне азаматтық қоғам өкілдері белсене араласқан жағдайда ғана әділеттілік берік орнығады.

Абай: «Ақыл, қайрат, жүректі бір-дей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», – деп адамға нұрлы ақыл мен ыстық қайраттан бөлек жылы жүрек керек екенін айтады. Ұлы ой-шыл шығармаларында кәсіптен нәсіп тапқандарды, шаруақорлыққа үйрену дағдыларын үлгі етеді.

Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Олар-дың қатарында саясаткерлер, мемле-кет және қоғам қайраткерлері, қол-басшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттер-ден кенде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше.

Абай – әлемдік деңгейдегі ой-шылдардың қатарындағы ғажайып тұлға. Абай өзінің қара сөздерінде адамзат баласына ортақ мұралар-ды дәріптей отырып, рухани биікке құлаш сермеп, алысқа қанат қаққа-нын көрсетеді. Оның қара сөздерінің арқауы – кісілік, мәдениет, ізгілік. Хакім Абайдың қара сөздеріне бала-ма еңбек іздесек, француз ойшылы Монтенның жазбалары ойға орала-ды. Өз заманының ғана емес, қазіргі қоғамның да бейнесін танытқан Абай – елдік мұраттың айнымас темірқа-зығы. Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орын-дау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ЖЕТІСУЛЫҚТАР ӨРТКЕ ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ ЖҰМЫСЫН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАЙДЫ

Ұлттық статистика бюросының зерттеуі бойынша сәуір-мамыр айларында өңірлер ара-сында өртке қарсы қызметке сенімділік дәрежесі бойынша Жетісу облысы көшбасшылар қатарында болды. Атап айтқанда сенетіндер үлесі – 89,1 пайыз, ішінара сенетіндер – 10,5 пайыз, сенбейтін сияқтымын дегендер – 0,3 пайыз, жауап беруге қиналғандар – 0,1 пайыз болса, сенбейтіндер үлесі жоққа тән. Яғни, республикалық орташа көрсеткіші жағынан Жетісу облысының өрт сөндіру қызметі барлық өлшемдер бойынша көшбасшылар қата-рынан табылды.



Былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда се-нетіндер 79,6-дан 89,1-ге өсіп, ішінара сенетіндер 14,8-ден 10,5-ке азайып, сенбейтін сияқтымын деп күмәнданатындар үлесі өзгеріссіз қалғанымен, сен-бейтіндер 0,2-ден 0-ге, жауап беруге қиналамын де-гендер 0,5-тен 0,1 пайызға төмендеген. Яғни, құқық қорғау органдарының құрамындағы өрт сөндіру қыз-меті мамандарының еңбегін жетісулықтар оң бағалап отыр.

Былтыр қазан-қараша айларында жүргізілген зерттеуде де Жетісу облысы барлық көрсеткіштер бойынша үздіктер ішінен табылған. Мәселен, се-нетіндер – 92,1 пайыз, ішінара сенетіндер – 7,4

пайыз, жауап беруге қиналғандар – 0,5 пайызды, сенбейтін сияқтымын дейтіндер мен сенбейтіндер үлесі жоққа тән болды.

Сондықтан жетісулықтардың шілдеде Қостанай қаласында өткен өрт-құтқару спортынан жазғы рес-публикалық чемпионатта үздіктер қатарынан та-былуын кездейсоқтық деуге болмайды. Онда шабуыл сатысымен көтерілуде Даниил Немтинов жоғары топ жасөспірімдер арасында екінші, Роман Матвиенко кіші топ жасөспірімдер арасында үшінші, ал 100 метр кедергілер жолағы жарысында екінші орын алды. Сондай-ақ мотопомпадан жауынгерлік қанат жаюда ерлер командасы үздік үштіктің қатарына енді.

Биыл Жетісу облысы Төтенше жағдайлар де-партаменті орман өрттеріне жылдам және тиімді әрекет ету және жұмысты үйлестіру деңгейін көтеру мақсатында OrmanKZ мобильді қосымшасын енгізді. Оны департамент қызметкерлері бұл қосымшаны орман карталарымен жұмыс істеу және жағдайды бақылау үшін пайдаланады. Смартфондар мен план-шеттерге арналған мобильді қосымша, орман карта-ларымен тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді, тіпті офлайн-режимде де қолдануға болады. Ол интер-нетке қолжетімділігі шектеулі өңірлерде де жұмыс істеуге қолайлы.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУ

ЖЫЛЫЖАЙ ҚАЙТА ЖАНДАНАДЫ

Жетісу облысының Текелі қаласындағы ұзақ жылдан бері тоқтап тұрған «Green House – Зеленый дом» жылыжай кешені 2026 жылы қайта іске қосылуы мүмкін. Оны қайта жаңғыртуға бағытталған жобаның құны 4,5 млрд теңгені құрап отыр.

Қала тұрғындарымен болған кездесуде облыс әкімі Бейбіт Исабаев инве-стор табылып, кешеннің жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп жатқанын айтқан болатын. Жылыжай іске қосылған кезде жылына 8700 тоннадан астам қияр мен қызанақ өсіріліп, 100-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылатын болады. Облыстың әлеуетін ескеретін болсақ, алдағы уақытта жылыжай өндірісіне де-ген сұраныс өспесе, азаймасы анық. Бұған оның ішкі нарықты былай қойғанда, халық саны бойынша әлемде ең алдыңғы орында тұрған табиғи Қытаймен шекаралас аймақта орналасуы және екі елдің арасындағы сауда-саттықтың жылдан жылға ұлғайып келе жатқаны өз ықпалын тигізеді анық.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, жыл басында жалпы Жетісу облысында ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша 12 жылыжайдың бары анықталған еді. Олардың жалпы алаңы 26745,0 шаршы метрді құрайды. Бұл жылыжайлардың бәрі көкөніс өсіруге арналған.

Қ.ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

БАСҚОСУ

МҰҒАЛІМНІҢ МИССИЯСЫ – БІЛІМДІ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ

Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған 300-ден астам мектеп мұғалімдері, колледж және жоғары оқу орындарының оқытушылары, студенттер, ғалымдар мен білім саласының ардагерлері «Amanat» партиясының «Мұғалім Talks» кейс-платформасының екінші отырысында бас қосты.

Талқылау тақырыбы – жасанды интеллект дәуіріндегі мұғалімнің рөлі мен білім саласындағы инновациялар болды. Сондай-ақ ерекше көзге түскен ұстаздарға партиялық және ведомстволық наградалар табысталды. Сөз басында Мәжіліс спикері, «Amanat» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов мұғалімдерді кәсіби мерекелерімен құттықтап, мұғалімдердің қоғам өміріндегі және ел дамуындағы айрықша рөліне тоқталды. Ол «Amanat» партиясының негізгі тірегі – мұғалімдер екенін атап өтті. Себебі еліміздегі 600 мың мұғалімнің 260 мыңға жуығы партия мүшелері.

«Алдымызда тұрған негізгі міндет – адал, білімді, әділетті азамат тәрбиелеу. Бұл үдеріс отбасынан басталып, мектепте жалғасын табады. Әр баланың отаншыл болып өсуі, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуі, айналасына және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауы маңызды. Президент айтқандай, әр адам өзі адал болып, заңды құрметтегенде ғана Әділетті Қазақстанды құра аламыз. Ал ондай буын тәрбиелеу – мұғалімдердің тарихи миссиясы. Осы істе партия әрдайым сіздермен бірге болады», – деді ол.

Партия төрағасы цифрландыру

және жасанды интеллектті дамыту мәселесіне ерекше назар аударды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында Қазақстанды үш жыл ішінде жаппай цифрлық елге айналдыру туралы өте ауқымды міндет қойғанын еске салды Е.Қошанов. Бұл білім беру жүйесіне қажет маңызды мүмкіндіктерге жол ашады.

– Мектеп тек даму үдерісіне ілесіп қоймай, оны басып озуда тиіс. Мәселе, енді жасанды интеллект білім жүйесінде қажет пе, жоқ па деген сауалда емес, оны тиімді енгізуде. Бір нәрсені үнемі есте сақтау керек: мұғалім мектептің жүрегі болып қала береді. Жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайды, керісінше оны басы артық жұмыстан арылтып, ең негізгі міндетін – оқушыға білім беру, тәрбиелеу және тұлғалық қасиетін қалыптастыру ісін алаңсыз атқаруына мүмкіндік беруге тиіс», деді.

Мәжіліс спикері Мемлекет басшысының білім жүйесін қолдауға қатысты саясаты мен оның тапсырмасы бойынша «Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы оң нәтиже бергеніне назар аударды. Кейінгі төрт жылда білім саласына бөлінген қаржы көлемі үш есе артты. Мұғалімдердің жалақысы екі

есе өсті. Биылдың өзінде мектепке 10 мыңнан аса жас маман келді. Олардың арасында жоғары балл жинаған түлектер мен «Алтын белгі» иегерлері бар. Халықаралық зерттеу нәтижелері мұғалімдердің басым көпшілігі өз жұмысына көңілі толатынын көрсетті. Өз кезегінде, «Amanat» партиясы да педагогтерге белсенді қолдау көрсетіп келеді. Мәжілістегі партия фракциясының қолдауымен халықаралық ғылыми конкурстардың жеңімпаздарын тәрбиелеген педагог-тәлімгерлерге арнайы төлем қарастырылатын заң мақұлданды. Мұндай оқушылар енді «Болашақ» бағдарламасы бойынша грантқа үміткер бола алады. Заңнамалық деңгейде мектеп қабырғасында тамақтандыру барысына бақылауды күшейту, балабақшалар мен білім ұйымдарына жер учаскелерін бөлу, алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдерінің мәртебесін арттыру бойынша шаралар қабылданды. Партия төрағасы ұстаздар қауымын толғандырған мәселелер де аз емес екенін атап өтті. Олардың қатарында мектеп қабырғасындағы шамадан тыс қағазбастылық, түрлі іс-шарада кезекшілік ету, мектеп чаттары мен әлеуметтік желілерді жүргізу жүктемесі, сондай-ақ ұстазға тән емес өзге де міндеттер бар. Сонымен қатар мұғалімдердің қауіпсіздігін арттыру, оларды қорлау мен психологиялық қысымнан тиімді қорғау нормаларын күшейту қажет. Мұғалімнің ең негізгі мін-

деті – балаларға білім беру. Ұстаздарды одан өзгесі алаңдатпауы керек. «Amanat» партиясы бұл ұстанымды әркез қорғайды. Тіпті, заңнамалық өзгерістер енгізуге де күш салады. Партия мұғалімдерді жаңа технологиялармен және ең алдымен, жасанды интеллектпен белсенді жұмыс істеуге дайындайды. Атап айтқанда, мұғалімдерге жаңа технологияларды игеруге көмектесетін тегін курстар мен әдістемелік материалдары бар цифрлық платформа құру жоспарланып отыр. Сондай-ақ алғашқы пед-хакатон өткізіледі. Онда мұғалімдер ЖИ-ді мектеп қабырғасында қолдануға қатысты өз идеяларын ұсына алады. Ал үздік ұстаздар шетелде тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар мұғалімдер Цифрлық кодексті әзірлеу жұмысына тартылады. Осы арқылы олардың практикалық тәжірибесі білім беру үдерісіне қатысушылардың мүддесі құжатта көрініс табуына көмектеседі. Іс-шара барысында Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев пен Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова сөз сөйледі. Шара барысында «Мұғалім Talks» қатысушылары өздерінің кәсіби тұрғыда қалыптасу тарихымен бөлісті және әріптестерімен бірге кәсіби сын тегеуріндерді талқылады. Алматы облысы Ұзынағаш ауылындағы физика пәнінің мұғалімі Бақытәлі Даулешар оқушылармен бірге қолда бар заттардан құрал-сайман, тіпті жасанды қол протезін жасап, балаларды қалыптан тыс ойлауға үйрететінін, ғылымға деген сүйіспеншіліктерін оятатынын айтты.

Ақмола облысы Аршалы ауылындағы тарих пәнінің мұғалімі Ольга Давыдова STEM мен ЖИ әдістерін пайдалану арқылы тарих ғылымына

жан бітіруге болатынын көрсетті. Түркістаннан келген қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Әмәлият Арқалық педагогті қажетсіз қағазбастылықтан арылту үшін цифрлық құралдарды пайдалануды ұсынды. Астана қаласындағы информатика пәнінің мұғалімі Салтанат Садықова ЖИ-ді пайдалана отырып, тапсырмаларды шағын жобаларға айналдыруда. Сол арқылы оқушылар өз шешімін негіздеуге және қорғауға үйренеді. Семей қаржы-экономикалық колледжі директорының орынбасары Асхат Мұханов жұмысшы мамандықтар өзгерістердің алғы шебінде тұратынын атап өтті. Себебі ЖИ оқу шеберханаларында маңызды құралға айналуда.

Атыраудан келген химия пәнінің мұғалімі Ибраһим Бақдәулетұлы оқушыларды олимпиадаға дайындау кезінде ЖИ қолданудың тәжірибелік мысалдарымен бөлісті. Жетісу облысы Жыланды ауылындағы мамандандырылған лицей-интернатының директоры Эльмира Рапилова Алматыдан туған ауылына оралып, жоғары оқу орындарымен және де-меушілермен әріптестік орната отырып, өз колледжінде инженерлік білім сапасын қалай арттырғанын айтты. Іс-шара соңында Е.Қошанов бірқатар қатысушыға «Ұстаз – ұлт айнасы» партиялық наградасын табыстады.

Биылдан бастап аталған наградамен жыл сайын еліміздің үздік педагогтері марапатталады. Сондай-ақ кәсіби қызметі барысында елге сіңірген еңбегі үшін мұғалімдерге Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев пен Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова ведомстволық наградалар табыстады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ТАРАТУ

3. «Golden Pheasant Astana» ЖШС (БСН 250140013500) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қоянды ауылы, Т. Рысқұлов көшесі, 35-үй, тел. +7 701 989 69 69, e-mail: ysabyrov@mail.ru.

6. «Раздол» ЖШС (БСН 970340003739) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Жәнібек көшесі, 18/1-үй.

9. «ТолерИС Девелопмент» ЖШС (БСН 200540012825) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақтөбе қаласы, Макаренко 8 «А» көшесі. Тел.: +77015552947.

10. «Мега Алма-Ата плюс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 100340014536) өзінің таратылуы туралы хабарлайды. Наразылықтар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде ҚР, А15Р2Т3 (050060), Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 247А, пошта office_mca@megascener.kz, тел. 2322505 (ішкі нөмір 5010) мекенжайы бойынша қабылданады.

11. «Строй-Индустрия-А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 040140003232) өзінің таратылуы туралы хабарлайды. Наразылықтар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде ҚР, А15Р2Т3 (050060), Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 247А, пошта office_mca@megascener.kz, тел. 2322505 (ішкі нөмір 5010) мекенжайы бойынша қабылданады.

ӘРТҮРЛІ

2. 2025 жылғы 7 қазандағы Астана қаласы МАЭС-ның шешімімен «US Лимитет» ЖШҚ-ны (БСН 070940005878) оңалту бойынша іс қозғалды. Мекенжайы: Астана қаласы, Қорғалжын тас жолы, 13Б. Тел. +7 (7172) 677 065.

4. «Baiterek Venture Fund» АҚ (БСН 140740011216) «Baiterek Venture Fund» ЖШС-і болып қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55А, 7-қабат. Тел.: 8 7172 76 86 42.

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

8. «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-1-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына, 82-бабы 1,2 тармағына сәйкес аталған жер учаскелерінен төмен иесіз мүлік ретінде есепке алу туралы жариялаймыз: 1) Кадастрлық нөмірі 15-225-019-120, жалпы алаңы 901 га, оның ішінде егістік 157 га, жайылымдар 670 га, нысаналы мақсаты «ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін» Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығында жер пайдаланудағы қала маңындағы ауылдық округ мекенжайы бойынша орналасқан. жауапкершілігі «ЖерАнаСолтүстік» директор Көмекбаева Айжанал Абрахманқызы, 24.09.2018 жылғы сатып алу-сату шарты, 24.09.2018ж. тапсыру актісі негізінде (жеке сот орындаушысының мүлікті сатуы). 2) Кадастрлық нөмірі 15-225-013-302, жалпы ауданы 150 га, оның ішінде егістік 93 га, жайылым 56 га, нысаналы мақсаты «фермер шаруашылығын жүргізу үшін» Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, жеке кәсіпкердің уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығында жер пайдаланудағы Краснознамен ауылдық округі мекенжайында орналасқан «Ишук М.С.» жетекшісі Максим Сергеевич Ишук Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 27.06.2023 жылғы № 137 қаулысы негізінде тиесілі.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com
ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04
Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

7. КОНКУРС ӨТКІЗІЛЕДІ!

1. «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ 2025 жылдың 14 қарашасында Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс №91, Қызылорда облысы әкімдігі ғимаратының 4 қабат, 429 каб. жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.
2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:
2.1 Ауданаралық (қалааралық, облысішілік) тұрақты автобус маршруттары: Қызылорда-Бесарық, Ақарық-Қызылорда, Жаңақорған-Шиелі, Тереңөзек-Қызылорда, Шаған-Қызылорда әлеуметтік мәні бар тұрақты автобус маршруттары: Ортақшыл-Қызылорда, Тұрсынбай Датқа-Қызылорда, Тоқтағамбет-Қызылорда, Аққыр-Қызылорда, Қаратерең-Әйтеке Би.
2.2 Облысаралық қалааралық тұрақты автобус маршруттары: Әйтеке би-Ақтөбе, Төретам-Түркістан, Арал-Әйтеке би-Түркістан, Қызылорда-Тараз, Қызылорда-Жезқазған, Қызылорда-Атамекен.
3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.
4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1, Қызылорда облыс әкімдігі ғимаратының 4 қабат, 429 каб. бойынша ұсынуы тиіс.
5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2025 жыл 31 қазан сағат 18-00 дейін.
6. 2025 жылғы 21 қазанда сағат 16-00 конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференция өткізеді.
7. Анықтама алу үшін телефондары: 8 (7242) 60-54-75, 60-54-77.

5. Қызылорда облысының Судьялар қауымдастығы Бай-қоңыр қалалық сотының төрағасы Үсен Жанәділ Абылайұлына әкесі

ҮСЕНОВ
Абылай Ыбырайұлының

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media pagekz»ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

(**Соңы. Басы өткен
№ 75, 76 сандарда**)

Мұндай психологиялық әдіс-тәсілдер өте көп. Тек нақты қолдану уақытын білу керек және де бұл полиция академиясында арнайы сабақ ретінде өтеледі.

Ендігі мәселе алтын жайы боп тұр. Алтынның бағасы неге Даниярдың үйінен табылды? Бұл жерде алтын үшін Қанатты өртеп жіберген секілді. Ал Ғалымжан мен Данияр алтын үшін төбелесіп, соңғысын осы себепті өлтіріп, саусағын кесіп алды ма? Алтын қылмыс жолымен келген болуы мүмкін. Бұл тек болжам ғана. Нақты дәлел жоқ.

Полиция бөлімінен ұрланған алтын жөнінде деректерді іздеп көрді. Алайда соңғы уақытта ешқандай алтынмен байланысты қылмыс болмаған. Демек алтынның бағасын қағазға жазса бұл үлкен көлемде болу керек. Егер алтын алқа, сырға болса, оны ломбардқа-ақ өткізе салар еді. Түсінікті, бұлар алтын тауып алған болуы керек. Ауылдың аты да «Қазына» деп босқа аталмаса керек.

Абылай мұрағатқа барып, ауыл жайлы дереккөздерді қарай бастады. Бір жазбадағы ауыл маңына кәмпеске-аштық кезінде бір бай бір сандық алтынын тығып кеткен деген дерекке көзі түсті. Бірақ бұл сенімсіз дерек. Аңыз ба, шындық па белгісіз. Алайда бұны да ойдан шығармау керек. Не болса да Даниярдың телефонынан табылған суреттің абайсызда түсіріліп, одан соң өшірілгені тегіннен тегін емес. Сол жерге барып қайта тексеру керек.

Ол көздеген жеріне шамамен 30-40 минут ішінде жетті. Диірмен сол баяғы диірмен. Ішіне кіргенде, төбесі құлап кететіндей кейіпте. Қабырғалары әзер тұр. Аяқ асты толған қоқыс, қабырғаларда неше түрлі жазулар «89 алға» , «Жанар, сені жақсы көрем», «Здесь был Антош», т.б. Диірменнің түкпіріне қарай кіргенде үлкен домалақ қақпақтай тас тұр. Қалыңдығы бір келідей, сірә, ұн тартатын диірмен тасының жұқарған түрі болуы керек. Тас қатты соққыдан екі бөлініп, орнынан ығысқан. Астында үлкен қуыс тұр. Іші бос. Басқа ештеңе жоқ.

Диірмен жайлы сұрау үшін Абылай ауыл қариясы Оразбай ақсақалдың үйіне қайтадан барды.

– Ассалаумағалейкум, ақсақал! Қалайсыз... Амансыз ба?

– Уағалейкумассалам, балам! Шүкір! Аман-есенбіз. Не сұрағың бар еді, сен әшейін келмеген боларсың.

Абылай мырс етіп күліп:

– Ақсақал осы ауылдағы диірмен жайлы сұрайын деп едім. Ол қай жылдардан бері тұр, кім тұрғызды, кімдер жұмыс жасады?

– Е-е-е-, бұл диірменнің тұрғанына нақты қанша жыл болғанын білмеймін. Мен бала кезімнен білемін. Қазір 78 демін. Ол оның алдында бар. Патша заманынан қалса керек, бұл Совет одағының кезінде жұмыс жасап тұрды да, 1990-нан бері қарай жұмыс істемей қалған. Ішінде жұмыс істеген адамдар қазір бұл дүниеде жоқ. Күрсіне сөйледі ақсақал.

– Осы диірмен жайлы қандай да бір әңгімелер естіп па едіңіз?


– Бала кезімде әжемнен еститінмін, сонау аласапыран заманында бір бай келіп, диірменшіге бір қап ұнға бір сандық алтынды айырбастап кетіпті дегенді. Бірақ диірменші бір сандық алтынды алғанымен, көп ұзамай қайтыс болыпты. Ауыл тұрғындары диірменшінің үйіне кіріп, алтынды іздегенімен, ештеңе таппаған. Содан бұл тек жәй әңгіме екен ғой деп ұйғарады. Бірақ әжем айтатын, «Қарғыспен келген байлық адам түбіне жетер, жетпесе ұрпағына берілер» деп.

– Түсінікті, ақсақал, аман болыңыз. – Балам, саған айтарым, не болса да алтын бар жерде қауіп бар, қарғыспен келген заттан сақтан. Сенің не іздеп жүргеніңді білмеймін, бірақ абай бол...

Ақсақалдың бұл сөзі бірнәрсені сезіп жорығандай. «Бірақ, алтын табылса оны мемлекетке тапсырамын ғой». Енді Данияр алтынды табу мақсатында жұмыс жасады. Қаланың барлық ломбарттарына, базардағы саудагер-

нытпаған адам қазір көмектесе қалды. Табылған саусақ бар, бірақ денесі жоқ, күл болып кеткен мәйіт, қамаудағы адам осының барлығы бола тұра алтын дегенде ғана мені өзіне шақырғаны қалай. Жо-жоқ. Бұлай болуы мүмкін емес. Бірақ шынында алтын жайлы әзірге айтуға болмайды».

Сапырылысқан ойдан басы қатты. Ұйықтаса да, жүрсе де, тамақ ішсе де осы оқиға есінен кетпеді. Бұны қалай болғанда ақырына жеткізу керек.



КҮЛ АСТЫНДАҒЫ ШЫНДЫҚ

лерге, теледи-дардан және радиодан хабарламалар беріліп жатты. Іске қызығушылық танытқандар да аз емес. Соның бірі аудандық полиция бөлімінің бастығы полиция полковнигі Еркін Шерімбетов еді.

Оның кезекші бөлім жанынан өткені сол еді, кезекші Шерімбетовтің өзін шақырып жатқанын баяндады. Қылмыстық іс облыстық ПД-ның өндірісінде болғандықтан, бұл жерде тергеу сатысы жайлы баяндалмайды. Алайда Абылай шақыру себебін білу үшін Шерімбетовтің қызметтік бөлмесіне барды.

– Рұқсат па, полковник мырза. Шақыртыпсыз...

– Иә. Кір Абылай. Мына жерге отыр. Сенің тергеп жүрген қылмыстық ісің жайлы сұрайын деп едім. Қандай алтын жайлы әңгіме болып жатыр?

– Әзірге белгісіз....
– Бір сандық деп естідім ғой.
– Деректер көзі әлі нақты емес, бұл тек әзірге тергеу нұсқаларының бірі ғана.

– Абылай, сен бір сандық алтын жайлы ешкімге айтпай тұра тұр. Егер ол жайлы тіс жаратын болсаң, ауыл тұрғындары тергеуге кедергі келтіріп, сенен бұрын Данияр мен алтынды тауып алар. Басқа қылмыс болмай тұрғанда әзірге бұны жасырын ұстау керек. Сол себепті алтынның көлемі мен санын көрсетпей тұра тұру керек.
– Ескертудіңізге рақмет.

Абылай ойы сан тарауға бөлінді. «Бұл шынымен маған айтқан ақылы ма, әлде Періште алтын көрсе жолдан таяды. Періште жолдан тайса, біз не істер екенбіз? Неге осы уақытқа дейін менің ісіме қызығушылық та-

Әйтпесе жында-нып өлерміз, – деп іштей күле жұмысын ары қарай жасай бергені сол еді, ойына бір нәрсе сап етіп түсті. Тоқта!

Мен Даниярдың үйіне барып тексергенімде, тоңазытқышта қуырылған тауық тұрды. Ал Даниярдың жоғалғанына екі апта уақыт өткен. Бірақ тауықтың пісірілгеніне қарағанда екі апта уақыт өтпеген. Мен неге бұған мән бермедім. Сонда ол тірі ме? Тірі болса ол қайда? Әлде түнделетіп үйіне келіп кетіп жүр ме екен. Бұны білудің тек бір ғана амалы бар.

Абылай Даниярдың үйін күзетуді жоспарлады. Алайда ауыл кішкентай, барлық қадамың алақандағыдай көрініп тұрады. Демек үй ішіне тығылу керек. Бұны іске асыру үшін үй ішіне жалған тергеу әрекетін жасап, өзі үйдің бір жеріне тығылып қалып, қалғандарын қайтарып жібергені жөн сияқты. «Дұрыс, дәл осылай жасаймын».

Келесі күні Абылай тергеу тобымен бірге Даниярдың үйін қарап тексеру тергеу әрекетін жасағансымақ болып жүріп, үй ішін аралап жүрді. Үй ішінде тығылатын жер көп, бірақ өзіне ыңғайлы жер іздеп жүріп қоқыс қабына кезікті. Сол жерде қоқыс қабын үстіне киіп, қалғандарын шығарып, өзі күзетуге кірісті. Қалған қызметкерлер өзара дабырлай сөйлесіп, кетіп қалды.

Барлығы кетті. Үй іші тым-тырыс. Жүгіріп жүрген тышқандар ғана. Үнсідік. Түн болды. Аяқ ұйып қалды. Шөл қысты. «Кішкене шөлмек су мен нан алғаным қандай жақсы болды», – деп ойлап отырғанда сырттан тарс ете қалған дауыс шықты. Бірақ бұл көршінің үйінен шыққан дауыс сияқты. Тағы да бір-екі сағат уақыт өтті. Ешкім жоқ, тым-тырыс. Ол осы уақыт ішінде осы күнге дейінгі

барлық іс-әрекетін саралап шықты. Жалғыздықтан адам іштей өзінен-өзі сөйлесіп кетеді екен. «Адам жалғыз болса философияға көп көңіл бөледі екен. Байырғы заманда үйін тастап, медитацияға не үшін кетеді десем...».

Сыртта дауыл басталды, шайқалған ағаш-жапырақтар дауысы, ауланың жабылмай кеткен ағаш есігінің сықырлаған дыбысы шықты. Бір кезде үйдің табалдырығын біреу басқандай болды. Иә, иә, шынымен баспалдақпен

көрші Айжан болу керек. Мен Айжаннан жауап алуға барғанымда, ер адамның киімін тігіп отырған болатын, алайда ол бойдақ әйел және де Данияр мен оның үйі ауылдың екі бетінде. Малды Даниярдың үйі арқылы тау бөктеріне өріске шығарам деп еді, алайда оның малдары тау бөктеріне емес, тау етегіне жайылады екен, – деді Абылай.

Бұндай кәсіби адамның өз қарамағында істегеніне мақтанған Әділжан Баймұратов «Дереу Айжанды жеткізіңдер!» – деп бұйрық берді. Көп ұзамай Айжан ұсталды. Жауап алу барысында ол өз кінәсін толық мойындап, болған жайтты толығымен ашып берді. Оқиға былай болыпты.

Данияр, Ғалымжан, Қанат үшеуі көне диірмен ғимаратының ішінде арақ ішіп отырған екен. Сол сәтте Данияр ұялы телефонын қараймын деп байқамай диірмен маңын фотоға түсіріп алып, артынша өшіріп тастаған. Арақтың кесірінен Ғалымжан мен Қанат арасында жанжал туып, төбелес орын алған. Төбелес барысында диірмен тасына Қанаттың басы тиіп, оны қақ ортасынан жарған сәтте, астынан жылтыраған зат көрініпті. Сөйтсе астында бір сандық алтын бар екен. Сол сәтте өз өміріне қорыққан Данияр екеуінің әңгімесін жазып алған екен. Төбелес кезінде Даниярдың сол қолының сұқ саусағы қайырылып, сынып кетеді. Ғалымжан алтынды екіге бөлуді ұсынған. Бұл ұсыныстан бас тартудан қорыққаннан Данияр келісіп, жарты сандық алтынды үйіне алып барады да, көптен көңілдес

біреу көтеріліп келе жатты.

Бірақ ол жалғыз емес. Олар екеу. Әйел адамның дауысы шықты. Бірақ дауылдан дым естілмейді. Есік ашылды. Ақырын баса үйге кірді. Қаптан сығалап қарап еді, ол өз көзіне өзі сенбеді. Алдында Данияр тұр, суреттен көріп, санада жатталып қалған бейненің өзі. Данияр тірі ме? Қалайша? Даниярдың артында тұрған әйелдің бет-жүзі көрінбейді. «Еш кідірмей ұстау керек. Әйтпесе айырылып қалармын». Абылай іске кірісті.

– Тоқтаңдар! Полиция! Сендер ұсталдыңдар! – деп қаптан шыға тапаншасын кезегенде Данияр мен әйел қаша жөнелді. Екеуі де епті екен. Данияр әйелді бірінші жіберіп, өзі Абылаймен арпалыса кетті. Абылай еркін күрес шеберіне үміткер, талай турнирлердің жеңімпазы болатын.

– Беріл! Данияр, әшкерә болдың. Беріл деймін.

– Не оттап тұрсың, сені осы жерде өлтіріп кетемін, сүмелек.

Ол мұны қылғындыра бастады. Осы сәтте кенеттен шыққан дауыс бәрін тоқтатты. Тарс... Тапанша атылды. Құлақ шыңылдап тұр. Қолына жылы қан төгілді. Оқ өкпесіне тиген екен, Даниярдың аузы-мұрнынан қан шыға бастады. Қақалды. Дыбыс жоқ. Көзі ашық, жұмылмайды. Өлді... Өлді... Өлді. Мен не істедім... Сол жерде Абылай біраз отырып қалды. Даниярдың денесінен жылу кете бастады. Қалтыраған қолымен телефонын алып кезекші бөлімге хабарласып болған жағдайды баяндады. Белгісіз әйел қашып кетті.

Таң атты. Оқиға орнында аймақ прокуроры, өзіндік қауіпсіздік басқармасы, облыстық және аудан полиция басшылары жүр. Бірақ барлығы қажетті қорғаныс, полиция қызметкеріне шабуыл деп білді.

– Енді белгісіз әйелді табу керек, – деді Әділжан Баймұратов.

– Оның мен кім екенін білемін. Ол

боп жүрген Айжанды шақырып, болған оқиға жайлы егжей-тегжейіне дейін айтып береді. Бұдан соң Айжан дереу Даниярды ерте Ғалымжанға келіп, түн ішінде оның «Москвичімен» қалаға жетеді де, бұрын өзі медбике болып қызмет істеген аурухана хирургін оятап, Даниярдың қолына ота жасатады. Хирург болса бұрын көңілдесі болған Айжанның айтқанын істеп, саусақты алып тастап, барлығын ың-шыңсыз бітіреді де, жансыз саусақты бұзылып кетпес үшін арнайы ерітіндіге салып береді. Бұл кезде Айжан насасында туған ойдан барлығы да байхабар еді. Ауылға оралған Ғалымжан өзінің шеберханасында Қанаттың мүрдесін екі күн бойы өртеген болатын.

Қылмыстық істе Айжанның рөлі басталды. Ол Даниярға Тұрысбайдың пешіне от жағып, жансыз саусаққа жүзік кигізіп, от ішіне тастауды тапсырды. Ондағысы – Ғалымжан Даниярды өлтірген екен деген ой туғызу болатын, Ғалымжан сотталса және Даниярдың да көзін жойып, тәйірі, ресми өлген адамды жоқ қылу қиын болып па, бар алтынды иеленбекші болған Айжанның ойы іске асуына сәл-ақ қалған болатын.

... Іс толығымен тергеліп, сотқа тапсырылды. Абылай еңбек демалысына шығып, отбасымен Астана қаласына кетті. Қазына ауылы баяғы тыныш күйіне қайта оралды. Бірақ ешкім ол оқиғаны ұмытпады. Себебі – бұл ауылда пеш ішінен табылған саусақ – көп шындықтың бетін ашып берген еді. Бұл оқиға – бір ғана ауылда, бір ғана қылмыс айналасында өрбігенімен, адам табиғатының тереңдігін көрсетер, кейде жақсы мен жаманның арасы бір қадам ғана екенін, сенім мен сатқындық, кешірім мен өкініш – бәрі де бір адамның бойында қатар өмір сүретінін көрсетті.

Бекмұхамбет ӘБДРАСУЛЛАЕВ
Қызылорда қаласы,
Тасбөгет кенті

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5960 дана
Апталық таралым 11920 дана

Тапсырыс №154 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31